

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
№4 ХАТТАМАСЫ**

Қордай ауылы
«AMANAT» партиясының мәжіліс залы

23.04.2025ж
сағат 10:00

Қатысқандар: - аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 8 адам.

Қатыспағандар: - 3 адам, себепті (Т.Апаева іс-сапар Астанада, М.Байгелов денсаулығына байланысты, А.Алматаева ЗУМ конференциясында).

Шақырылғандар: БАҚ өкілдері.

Шақырылғандар: Жамбыл облысы ТЖД Қордай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі басшысы – Қ.Иманқұлов, ЖПІС «Бауырхан» директоры – А.Ботпаев, ЖПІС «Үсенұлы» директоры – Е.Абдраимов, БАҚ өкілдері.

Төрағалық етуші: - Н.Молдабеков

Күн тәртібі:

1. Ауданның әлеуметтік және сауда объектілерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша атқарылған жұмыстары туралы;
2. Қордай ауданы Қаракемер ауылының тумасы, Ұлы Отан соғысының батыр жауынгері Әбіл Нүсіпбаевты Қазақстан Республикасының «Халық қаһарманы» атағына ұсыну туралы;
3. Әртүрлі мәселелер.

Төрағалық етуші, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы- Н.Молдабеков жоспарға сәйкес, күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша – Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі – Абилдаев Еркін Абилдаевич баяндайды делі.

Ол өз сөзінде: Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері, төрағасы, жоспарланған күн тәртібіндегі аудандағы әлеуметтік және сауда объектілерінде өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия құрамында: Ағыбаева Кенжегүл, Әбілдаев Еркін, Ағыбаев Ерік, Апаева Тания зерделеу жұмыстарын Қордай ауданының төтенше жағдайлар бөлімінен (бастығы азаматтық қорғау подполковнигі) Иманқұлов Қанаттың қатысуымен жүргізілді.

Зерделеу жұмысы 2024 жылдың 12 айын 2025 жылдың I-ші тоқсан қамтыды. Аудандық өрт сөндіру орталығы ғимаратында алғашқы мәліметтер алу, ғимараттың материалдық - техникалық жабдықтар базасын қарап-көріп шығу жақсы пікірлер қалыптастырды. Жаңа ғимарат осы күнгі сұраныс талаптарына сай келеді, демалыс орны, тамақ-ас бөлмесі, автомашиналар тұрақтары, сумен қамтамасыз ету гидранттары, территория аумағы бәрі жобаға сай, қолайлы жұмыс мүмкіндіктер тудырады.

Комиссия мүшелерінің алдында өрт сөндіру команда құрамдарының қатысуымен жаттығу дабылы болып, өрт жауынгерлерінің жаттығу-даярлық ойындары өтті. Жауынгерлердің тәжірибелері мен физикалық даярлықтары нормативтік талаптарға сай екендігін байқадық.

Бөлім бастығы Иманқұлов Қанат аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің атқаратын қызметі мен міндеттері туралы, қайсы ауыл округтерде өрт қауіпсіздігіне қарсы күрес туралы материалдық – техникалық базалар бар екендігінен хабардар берді. Ең қауіпті деген су қоймасы, орман шаруашылығы бар аумақтарда жоғары сатыдағы қауіпсіздікті сақтау үшін оларда арнайы командалар, қосымша техникалар қарастырылған, ерікті жасақтар құрылған. Атап айтқанда, Сортөбе ауыл округінде ауыл тұрғындарының қолдаушылығымен қосымша 2 а/м машиналармен жабдықталған. Қарақоңыз орман (лесхоз) шаруашылығында да арнайы өрт сөндіру командасы, техникалары, жауынгерлердің арнайы киімдері бар. Әрине Қарақоңыз орман шаруашылығында да өрт сөндіру оқу-жаттығу даярлықтарын өткізген дұрыс болар еді, алдағы уақыттардың ешкіне қалдырамыз. Өйткені олар да тек орман өртенгенде емес, сол аумақта қандай да болсын әлеуметтік нысандардағы өрттерге қатыстырылады ғой.

Қордай аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің 2024 жылы 24 ай және ағымдағы жылдың I тоқсаны аралығындағы атқарған өрт қауіпсіздігінің алдын алу шаралары бойынша өткізген іс-шараларына тоқталсақ:

2024 жылдың 12 айы және ағымдағы жылдың наурыз айына дейін аудан аумағында 48 орта мектепте өрт сөндіру бөлімі қызметкерлерін жұмылдыру арқылы өрт кезіндегі іс – қимылдар, персонал және оқушыларды қауіпсіз жерге көшіру тәртібін пысықтау бойынша өрт-тактикалық жаттығулар өткізілді. Жаттығулар кезінде эвакуациялық шығу есіктерін толық пайдалану, оқушылардың қатар-ретпен жүру тәртіптерін пысықталды. Аудандағы барлық орта білім беру нысандарында 16 500 оқушыны қамти отырып, 120 - ашық сабақтар өткізілді, 95 нұсқама берілді. Өрт сөндіру бөліміне 1200 оқушының келісуімен 28 ашық есік күні өткізілді. Оқушыларға құтқарушылардың құрал жабдықтары мен техникалар көрсетіліп, қауіпсіздік шаралары түсіндірілді. Ағымдағы жылдың ақпан-наурыз айларында 51 білім беру объектілерінің (48-мектеп, 2 шығармашылық орталық, 1 психологиялық түзету кабинеті) өртке қарсы жағдайына жоспарлы тексерулер жүргізілді, нәтижесінде білім беру объектілерінде 200 астам күрделі сипаттағы өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзушылығы және 300 астам режимдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Атап өтетін жағдай, қомақты қаржыны талап ететін күрделі сипаттағы бұзушылықтар білім беру объектілерінде жыл сайын қайталануда. Оларды жоюға жыл сайын қаржы бөлу мәселесін шешу үшін облыс әкімдігінің білім басқармасы мен аудан әкімдігі ақпараттандырылуда. Жалпы, білім беру объектілеріндегі бұзушылықтар өрт оқиғасы орын алған жағдайда адамдардың өміріне қауіп төндіріп, қайғылы оқиғаларға әкеп соғуы мүмкін. Өрт қауіпсіздігі кемшіліктерді жою үшін білім беру ұйымдары басшыларына ұйғарымдама табысталды. Маусым айында ұйғарымдаманың орындалуына бақылаулық тексеру жүргізіледі. Орындалмаған жағдайда аудандық сотқа жолданатын болады. Қордай ауданы Төтенше жағдайлар бөлімімен 2024 жылғы II жартыжылдыққа арналған тексеру жоспарына сәйкес аудандық орталық ауруханасының 5 нысаны тексерілді. Олар: аудандық орталық аурухана, Сортөбе ауылдық аурухана, Масаншы ауылдық аурухана, Отар ауылдық аурухана және аудандық орталық емхана. Нәтижесінде 15 өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуы анықталды. Олар:- Эвакуациялық саты алаңдарында киім-кешек, ілгіш, орындық т.б. заттарды сақтауға жол берілген;- Электр шамдары шырағандарының конструкциясында көзделген қалпақтары (шашыратқыштары) алынып қалған шырағандарды пайдалануға жол берілген;- Эвакуациялық жолдағы дәлізде адамдарды еркін эвакуациялауға кедергі керуеттер орнатылуға жол берілген;- Бастапқы өрт сөндіру құралы манометрінің көрсеткіші бойынша жарамсыз күйінде;- Өрт сигнализациясы қондырғылары, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды эвакуациялауды басқару құралдары орнатылмаған; Аталған кемшіліктер денсаулық сақтау нысандарында төтенше жағдайлар туындаған жағдайда оны жою жұмыстарын жүргізуге үлкен кедергілер келтіріп, орасан көп материалдық шығындарға әкеледі және адам өміріне қауіп туғызатынын назарыңызға жеткіземіз.

Қордай ауылында 3 базар орналасқан. Олар: «Бауырхан» сауда кешені, «Үсен-Ұлы» және «Барыс-II» базарлары. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге жарияланған мораторийге сәйкес базарлар және сауда орындарының өрт қауіпсіздігі жағдайына (ҚР Президентінің Дата: 04.04.2025 10:18. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП 3 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «ҚР тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» №229 Жарлығы) 2020-2024 жылдары тексеру жүргізу мүмкін болмады. Осыған байланысты бұл сауда объектілерінде жауапты тұлғалармен өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау және өрт кезіндегі іс-қимылдар бойынша 150 адамның қатысуымен нұсқаулықтар өткізілді және өрт қауіпсіздігі тақырыбына 400 астам жадынамалар таратылды. Базар басшыларына ескерту хаттары берілді. Сонымен бірге «Барыс-2» және «Бауырхан» сауда кешені персоналымен, күзет құрылымдарымен және объектілерге келушілермен өрт шыққан жағдайдағы іс-қимылдарды пысықтау бойынша өрт-тактикалық жаттығу және сауда орындарында адамдарды қауіпсіз орынға көшіру және өрт кезіндегі іс-қимылдар бойынша тәжірбиелік жаттығу сабақ өткізілді.

Комиссия құрамы «Бауырхан» және «Үсен-Ұлы» базарларында өрт қауіпсіздігі шараларының даярлығын зерделеу жұмысын жүргізді. Екі базардың екеуінде де директорлары аралап нақты барлық атқарған жұмыстарын көрсетіп берді. Алғашқы өрттен қорғану шаралары бойынша барлық дүкендерде. Сауда орындарында өртке қарсы қолданылатын құрал-саймандар шиттері, огнетушительдер, нұсқаулықтар, «план эвакуация» көрнекті емес, өте майда әріптер, бұлыңғыр түсті, басқа да ақпараттармен бірлесіп тұр. Өте маңызды «план эвакуация» жеке тақтада, көрнекті жерлерде, адамдарға тез түсінікті, қолайлы болуы керек қой.

Өрт қауіпсіздігіне әріне базардың тазалығы да жанама түрде болса да әсер етеді. «Үсен-Ұлы» базарында жалпы аумағы кеш болса да тазалық бар. «Бауырхан» базарына ескерту асхана тазалығы бойынша ескертілді. Директоры дер кезінде тапсырма берді, ескертпені орындау уақыты белгіленді.

2025 жылдың I – тоқсанының өзінде өрт оқиғасы 2024ж 12 аймен салыстырғанда - 120% артық болып тұр. Оның түсіндірмесі биылғы жылы автокөлік өрті болмаған. Соның өзінде де I – тоқсан 2025ж өзінде автокөлік өртінен басқа да 9 өрт нысаны аз сан емес, әр тоқсанда 9 өрт болса IV – тоқсанда 36 өрт болуы керек пе? Бұл әріне аудан тұрғындарының өрт қауіпсіздігіне немқұрайлы қарауы мен жауапкершіліксіздіктен, бұқаралық ақпарат құралдарында материалдардың әсерлілігінің әлсіздігі, немесе жеткіліксіздігі ме? Тұрғын үйлер мен шаруашылық ғимараттардың көбірек өртенуі қауіпсіздік ережелердің сақталмауынан десек, онда ереженің сақталуын бақылауға алу жұмысының нашарлағаны шығар. Уақтылы бақылаудың жоқтығы, техникалық ақауларды уақтылы анықтап, дер кезінде ақауларды жөндеу, жөнделмесе әкімшілік шаралар қолдану қажет пе еді. Жеке тұрғын үйлер мен шаруашылық нысандарына шектеу (моратория) бақылауды жүргізеу заңдастырылмаған ғой. Әріне жеке территориям деп тұрғындардың да айтары бар. Шешімін қалай тапса болады? Мақсат қалай істеу керек – өрттің болмауының алдан алуда осыны да ойластыру керек.

Өрт және жану оқиғалары бойынша 15 тұлғаға қосылған әкімшілік істің нәтижесі қандай нәтиже берді, немесе қағазбастылықпен нәтижесі әсерсіз болып қала берді ме? Бұл сұраққа жауапты маусым – 2025ж тексеріс барысында төтенше жағдай бөлім басшысы Иманқұлов Қанаттан хабарлама күтіледі.

Ұсынымдар:

- Негізгі – күрделі өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзушылықтары:
 - электр тораптарын және электроаппараттарын пайдалану Ережесі талаптарын бұзу;
 - алғашқы өрт сөндіру құралдарының жеткіліксіздігі;
 - өрт дабылы қондырғысының ішкі және сыртқы өртке қарсы су жүйелерінің жұмысқа жарамсыздығы.
- Режимдік сипаттағы бұзушылықтар:
 - өрт кезінде адамдарды қауіпсіз көшіру жолдарындағы есіктерді құлыптап тастау;
 - баспалдақ алаңы астында жанғыш материалдарды сақтау;
 - өрт қауіпсіздігі жөніндегі құжаттардың жоқтығы.

Қордай аудандық төтенше жағдайлар бөлімі басшысы Қ.Иманқұловқа мектептер, ауруханалар т.б. нысандарға тексеруге берілген нұсқамалардың орындалуы мен атқарылған жұмыстарының нәтижесін үсіміздегі жылдың пілде айының 15-не ақпарат берісін.

Бұл аталып өткен кемшіліктер әріне квазисекторлық мекемелерге тән: мектептер, ауруханалар, басқа да мемлекеттік нысандарға қатысты.

Зерделеу жұмыстарының нәтижесін талқылауды назарларыңызға ұсынылады, - деп сөзін аяқтады.

Молдабеков Н.С.: баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ.

Молдабеков Н.С. Осы бойынша Жамбыл облысы ТЖД Қордай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі басшысы – Иманқұлов Қ.Қ. баяндамада туындалған мәселелерге жауап берсін деді.

Иманқұлов Қ.Қ. баяндамада айтылған мәселер қабылданды.

2024 жылдың 12 айы және ағымдағы жылдың наурыз айына дейін аудан аумағында 48 орта мектепте өрт сөндіру бөлімі қызметкерлерін жұмылдыру арқылы өрт кезіндегі іс – қимылдар, персонал және оқушыларды қауіпсіз жерге көшіру тәртібін пысықтау бойынша өрт-тактикалық жаттығулар өткізілді. Жаттығулар кезінде эвакуациялық шығу есіктерін толық пайдалану, оқушылардың қатар-ретпен жүру тәртіптері пысықталды. Аудандағы барлық орта білім беру нысандарында 16 500 оқушыны қамти отырып, 120 - ашық сабақтар өткізілді, 95 нұсқама берілді. Өрт сөндіру бөліміне 1200 оқушының келісуімен 28 ашық есік күні өткізілді. Оқушыларға құтқарушылардың құрал-жабдықтары мен техникалар көрсетіліп, қауіпсіздік шаралары түсіндірілді. Ағымдағы жылдың ақпан-наурыз айларында 51 білім беру объектілерінің (48-мектеп, 2 шығармашылық орталық, 1 психологиялық түзету кабинеті) өртке қарсы жағдайына жоспарлы тексерулер жүргізілді, нәтижесінде білім беру объектілерінде 200 астам күрделі сипаттағы өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзушылығы және 300 астам режимдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды. Негізгі күрделі сипаттағы бұзушылықтар: электр тораптарын және электрсаппаттарын пайдалану Ережесі талаптарын бұзу, алғашқы өрт сөндіру құралдарының жеткіліксіздігі, өрт дабылы қондырғысының, ішкі және сыртқы өртке қарсы су жүйелерінің жұмысқа жарамсыздығы. Дата: 04.04.2025 10:18. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП 2

Режимдік сипаттағы бұзушылықтар: өрт кезінде адамдарды қауіпсіз көшіру жолдарындағы есіктерді құлыптап тастау, баспалдақ алаңы астында жанғыш материалдарды сақтау, өрт қауіпсіздігі жөніндегі құжаттардың жоқтығы. Атап өтетін жағдай, қомақты қаржыны талап ететін күрделі сипаттағы бұзушылықтар білім беру объектілерінде жыл сайын қайталануда. Оларды жоюға жыл сайын қаржы бөлу мәселесін шешу үшін облыс әкімдігінің білім басқармасы мен аудан әкімдігі ақпараттандырылуда. Жалпы, білім беру объектілеріндегі бұзушылықтар өрт оқиғасы орын алған жағдайда адамдардың өміріне қауіп төндіріп, қайғылы оқиғаларға әкеп соғуы мүмкін. Өрт қауіпсіздігі кемшіліктерді жою үшін білім беру ұйымдары басшыларына ұйғарымдама табысталды. Маусым айында ұйғарымдаманың орындалуына бақылаулық тексеру жүргізіледі. Орындалмаған жағдайда аудандық сотқа жолданатын болады. Қордай ауданы Төтенше жағдайлар бөлімімен 2024 жылғы II жартыжылдыққа арналған тексеру жоспарына сәйкес аудандық орталық ауруханасының 5 нысаны тексерілді. Олар: аудандық орталық аурухана, Сортөбе ауылдық аурухана, Масаншы ауылдық аурухана, Отар ауылдық аурухана және аудандық орталық емхана. Нәтижесінде 15 өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуы анықталды. Олар:- Эвакуациялық саты алаңдарында киім-кешек, ілгіш, орындық т.б. заттарды сақтауға жол берілген;- Электр шамдары шырағандарының конструкциясында көзделген қалпақтары (шампиратқыштары) алынып қалған шырағандарды пайдалануға жол берілген;- Эвакуациялық жолдағы дәлізде адамдарды еркін эвакуациялауға кедергі керуестер орнатылуға

жол берілген; - Бастапқы өрт сөндіру құралы манометрінің көрсеткіші бойынша жарамсыз күйінде; - Өрт сигнализациясы қондырғылары, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды эвакуациялауды басқару құралдары орнатылмаған; Аталған кемшіліктер денсаулық сақтау нысандарында төтенше жағдайлар туындаған жағдайда оны жою жұмыстарын жүргізуге үлкен кедергілер келтіріп, орасан көп материалдық шығындарға әкеледі және адам өміріне қауіп туғызатынын назарыңызға жеткіземіз. 2024 жылдың қаңтар айында жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, кемшіліктер толық жойылды. Қордай ауылында 3 базар орналасқан. Олар: «Бауырхан» сауда кешені, «Үсен-Ұлы» және «Барыс-П» базарлары. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге жарияланған мораторийге сәйкес базарлар және сауда орындарының өрт қауіпсіздігі жағдайына (ҚР Президентінің Дата: 04.04.2025 10:18. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП 3 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «ҚР тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» №229 Жарлығы) 2020-2024 жылдары тексеру жүргізу мүмкін болмады. Осыған байланысты бұл сауда объектілерінде жауапты тұлғалармен өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау және өрт кезіндегі іс-қимылдар бойынша 150 адамның қатысуымен нұсқаулықтар өткізілді және өрт қауіпсіздігі тақырыбына 400 астам жадынамалар таратылды. Базар басшыларына ескерту хаттары берілді. Сонымен бірге «Барыс-2» және «Бауырхан» сауда кешені персоналмен, күзет құрылымдарымен және объектілерге келушілермен өрт шыққан жағдайдағы іс қимылдарды пысықтау бойынша өрт-тактикалық жаттығу және сауда орындарында адамдарды қауіпсіз орынға көшіру және өрт кезіндегі іс-қимылдар бойынша тәжірибелік жаттығу сабақ өткізілді. Шектеулерді ескере отырып, төтенше жағдайларды алдын алу және оны болдырмау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында материалдар жариялануда. Атап айтқанда «Қордай шамшырағы» және «Вестник» газеттерінде өрттің алдын алу туралы 110 мақала жарияланды. 12 мәрте Гвардейск қалашығындағы кабельді теледидарда бейнероликтер көрсетілді. 2025 жылдың 3 айында аудан бойынша 18 (2024 ж. - 15) өрт оқиғасы тіркелді (Тұрғын үй – 3, авто - 9, шаруашылық ғимараттар -2 , сауда нысандары - 1). Өрт және жану оқиғалары бойынша 15 тұлғаға әкімшілік іс қозғалды. Талдау бойынша, тұрғын үй секторларында орын алған өрттер негізінен қауіпсіздік ережелерін сақтамауы салдарынан орын алған. Аудандағы әлеуметтік және сауда нысандарында өрт қауіпсіздігі мәселесі үнемі бақылауда тұр. Баюндамада көрсетілген кемшіліктер бойынша жұмыстар атқарылатын болады.

Сонымен қатар, Қордай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі басшысы – Қ.Иманқұловқа сұрақтар Б.Жаманқозев: Көктем кезінде қамыстар өргенеді, өрттер көбейеді, жәндіктер безіп кетеді, неправоительственные жерлер бар бақылаусыз. Иманқұлов Қ.Қ.: Бұл жөнінде спутник арқылы түсірілген суреттер, 11 сәуір айынан бастап 15 қазан айлары аралығында ақпараттар келеді. Арнайы өрт бойынша ақпарат келіп түскен жоқ.

Қ.Батыров, К.Ағыбаева сұрақтар қойылды. Атап айтқанда, «Мирас»заправкасы туралы, және ол жерде коммерциялық объектілер көп, таксистер жолаушыларды , 50 метр жерден тастап кетудің орнына, заправка жасайтын жерде заправить ете береді. Неге қожайындарына өрт қауіпсіздігі туралы ескертпе жоқ па, шара қолдану жоқ па? Осы айтылған сын ескертпелерге Иманқұлов Қ.Қ өрт қауіпсіздігін болдырмауға жауап берді.

Ағыбаев Е: «Үсен-Ұлы» базарына, ЖПС «Үсенұлы» директоры – Абдраимов Ербол Совхозұлына сұрақ қойылды. Өткенде тексеріс кезінде біраз кемшіліктер анықталған еді. Әбілдаев Е.- айтылған кемшіліктер түзетілді деді.

Ағыбаев Е: «Үсен-Ұлы» базарында егерде өрт болған жағдайда, өрт сөндіруге баратын арнайы машина кіре алмайды, машиналар жан жақты стоянка етіп алған.

ЖПС «Үсенұлы» директоры – Абдраимов Ербол, бұл мәселе бойынша ескертпені орындауға болады, - деп жауап берді.

Молдабеков Н.С.: Өрт қауіпсіздігі ауданға керек, сондықтан өрт қауіпсіздігін барлығымыз аса бақылауда ұстайық. Енді сұрақтарыңыз жоқ болса, онда шешім қабылдауға рұқсат етіңіздер. Шешім жобасы алдарыңызда бар, Қарсы, қалыс жоқ. Олай болса, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 - қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қордай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі РММ басшысы Қ.Иманқұловқа:

- Сауда объектілерінде алғашқы өрт сөндіру, өртке қарсы қызметті шақырту үшін байланыс құралдары мен қамтамасыз етілу және автоматтандырылған өрт сигнализациясымен, ішкі және сыртқы өртке қарсы су жүйелерінің жұмысымен қамтамасыз ету ұсынылсын;
- Режимдік сипаттағы өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылушылығын болдырмау үнемі бақылауға алынсын;
- ауданда өрт оқиғаларын болдырмау мақсатында үгіт – насихат және алдын алу бойынша жұмыстарды жандандырып, атқарылған істер бойынша газет бетінде мақалалар жариялансын;
- мектептер, ауруханалар, басқа да нысандарға тексеруге берілген нұсқамалардың орындалуы мен атқарылған жұмыстарының нәтижесін үсіміздегі жылдың 15-ші шілдесіне ақпарат берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (К.Ағыбаева).

Төрағалық етуші, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы- Н.Молдабеков, өз сөзінде Қордай ауданы Қаракемер ауылының тумасы, Ұлы Отан соғысының батыр жауынгері Әбіл Нүсіпбаевтың Ұлы Отан соғысындағы айырықша ерлік үлгісін көрсеткен панфиловшы мерген болғандығын айтты. 1941-1944 жж аралығында үш жүзге тарта неміс офицерлері мен солдаттарын көзін жойғаны туралы айтып, олар майдандық басылымдарда қаруларстары мен әскери тілшілердің көптеген естеліктері мен архив деректерінде қатталғанын жеткізді. Әрі қарай, Ұлы Отан соғысының батыр жауынгері Әбіл Нүсіпбаев 316-шы атқыштар дивизиясының 1075 полкі құрамында майданда болып, екі мәрте «Қызыл Жұлдыз», «Қызыл Ту» ордендерімен марапатталғанын айтты. Сонымен қатар, қаруларстарының естеліктерінде Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылғаны туралы да деректер бар екенін айтты.

Ұлы Отан соғысының батыр жауынгері Әбіл Нүсіпбаевтың ерлігі бірнеше газет және журнал басылымдарында, атап айтқанда «Комсомолская правда», «За Родину», «Суворовшы», «Қазақстан Коммунисті», «Социалистік Қазақстан» «Қазақстанская правда» фотосуреттері, мақалалары қойылғандығы туралы айтты.

Ұлы Отан соғысының Орталық мұражайында батыр жауынгердің ерлігі туралы мәліметтер, басылымдар, фотосуреттердің сақтаулы екенін және «Естелік кітабының» 16 томының 242 бетінде, оның денесі Преображенское зиратының бірінші Донской крематорийінде өртеліп, бауырластар бейітінде жерленгенін айтты.

Аудандық қоғамдық Кеңестің төрағасы Н.Молдабеков сөз соңында былай деді: Қордай ауданы Қаракемер ауылының тумасы, жерлесіміз Ұлы Отан соғысының батыр жауынгері Әбіл Нүсіпбаевты ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Қазақстан Республикасының «Халық қаһарманы» атағына ұсыну туралы ауданда мәселе көтеріліп жатқанын айтты. Жерлесіміздің ерлігін ешкім ешқашан ұмытпайды. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Ұсыныс бойынша дауысқа салайық. Қазақстан Республикасының «Халық қаһарманы» атағына ұсынуы қолдайсыздарма ? Аудандық қоғамдық Кеңес мүшелері Ұлы Отан соғысының батыр жауынгері Әбіл Нүсіпбаевты Қазақстан Республикасының «Халық қаһарманы» атағына ұсынуы қолдаймыз, - деп барлығы қолдарын көтерді. Қарсы, қалыс жоқ.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 - қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Ұлы Отан соғысының батыр жауынгері Әбіл Нүсіпбаевты ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Қазақстан Республикасының «Халық қаһарманы» атағына ұсынылсын.

Күн тәртібінің әр түрлі мәселесі бойынша мамыр айында аудандық қоғамдық кеңестің отырысына жоспарға сәйкес, екі сұрақ қаралады.

1. Аудандағы мемлекеттік мектепке дейінгі мекемелердің Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша атқарылған жұмыстарын зерделеу - Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктеледі. (Жаманқозев Б.)

2. Ауыл округ әкімдерінің (Кенен, Отар) әлеуметтік-экономикалық дамыту бағытында атқарып жатқан жұмыстарының есебі туралы. Бюджет, қаржы және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті қолдау мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктеледі (Алматаева А), зерделеуге қосымша аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын дамыту мәселелері жөніндегі комиссия қамтылады. (Ағыбаева К).


Осымен күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Аудандық қоғамдық Кеңестің төрағасы Н.Молдабеков өз сөзін Қоғамдық Кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялады.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



Р.Имашева